



АУЫЛ ЖАҢАЛЫҒЫ Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 113 (8376) Дүйсенбі 23 қараша 2015 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзақская районная газета

АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР КӨҢІЛ ҚУАНТАДЫ,-

дейді “Нұр Отан” партиясы Орталық аппараты ұйымдастыру-бақылау жұмысы департаментінің инспекторы Марат Ақпаров

Өткен аптаның сенбісінде “Нұр Отан” партиясы Орталық аппараты ұйымдастыру-бақылау жұмысы департаментінің инспекторы, Жамбыл облысының кураторы Марат Ақпаров ауданымызға іссапармен келіп, “Нұрлы жол” бағдарламасы шеңберінде Түймекент ауылдық округінде салынып жатқан 300 орындық жана мектептің құрылысымен танысты.

Үстіміздегі жылдың 24 маусымында “Нұрлы жол” бағдарламасы аясында салынып жатқан нысанға Ұлттық қордан 450 000,0 мың, ал жергілікті бюджеттен 50 000,0 мың теңге бөлінген екен. Құрылыс орнын аралап, ондағы жұмыстың атқарылу барысымен танысып шыққан Марат Ақпаров “Талас-Құрылыс” жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің атқарушы директоры Асан Айтқұлбек пен құрылыс алаңының басшысы Б. Серікбаевтармен



тиек ете отырып, құрылысқа қажетті металл бұйымдардың бағасының өсіп отырғандығын әңгімеледі. Аталмыш мәселе бойынша Марат Нұрпейісұлы өзінің ойын ортаға салып, жеке құрылысшылармен де пікірлесті. Бұдан соң мәртебелі қонақ “Нұр Отан” партиясы Байзақ аудандық филиалында жеке азаматтармен қабылдау өткізді.

сектор меңгерушісі С.Абдеева шағын несие алудың шарттары мен оған қойылатын талаптарды түсіндірді. Ал, жұмыссыз Н.Жасұзақов пен Қ.Тыныстановтар Суханбаев ауылындағы мектепке уақытша жұмысқа тартылатын болды.

Бұдан соң “Нұр Отан” партиясы Орталық аппаратының ұйымдастыру-бақылау департаментінің инспекторы М.Ақпаров аудандық электр желілерін тарту мекемесінен ашылған “Жарық тарату” бастауыш партия ұйымы кабинетіне барып, бастауыш жұмысымен танысты. “Нұр Отан” партиясы Байзақ аудандық филиалы “Жарық тарату” бастауыш партия ұйымының жұмысы жөнінде оның төрайымы Ш.Байтақова сөз алып, партия мүшелерінің өсу динамикасы мен сапалық құрамына тоқталды. Сондай-ақ партияның 13 жобасын іске асыру бойынша атқарылған іс-шаралар слайд арқылы көрсетілді.

Марат Нұрпейісұлы ауданымызда қолға алынған жұмыстарға оң баға беріп, алда



сұхбаттасты. “Талас-Құрылыс” ЖШС-нің атқарушы директоры Асан Айтқұлбек құрылысқа негізінен отандық өнімдер пайдаланып жатқандығын, тұрғызылып жатқан нысанда тер төгіп жатқан 100-ден аса жұмысшылардың 80 пайызы “Жұмыспен қамту” бағдарламасы аясында ауыл тұрғындары тартылғандығын тілге

Қабылдауға алғашқы болып Жанатұрмыс ауылдық округінен келген Д.Ақмента жеке кәсібін ашу үшін шағын несие алу жолдарын сұраса, Суханбаев ауылынан келген Н.Жасұзақов пен Қ.Тыныстановтар жұмыссыз болғандықтан жұмысқа орналасуға көмек сұрады.

Алғашқы мәселе бойынша аудандық “Халықты жұмыспен қамту” орталығының

тұрған келелі міндеттерді іске асырудың маңызын сөз етті. Мәртебелі қонақтың жанында облыстық партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары Масат Әшімұлы Берік, аудандық партия филиалының төрағасы, аудан әкімі М.Шукеев, аудандық филиал төрағасының бірінші орынбасары Н.Тлепов, аудандық мәслихаттың хатшысы Н.Үкібаевтар ілесіп жүрді.

Өз тілшіміз.



Ауыл ТЫНЫСЫ

САРЫКЕМЕР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

№3 Байзақ колледжінде психолог Н.Муродованың ұйытқы болуымен “Өмір маған қымбатсың” атты акция ұйымдастырылды. Акция аясында колледждің білім алушыларына өмірдің құндылықтарын түсіндіріліп, оны мәнді де мағыналы етудің жолдары айтылды.

Шәкірттерге өмір жайлы бейнефильм көрсетіліп, өз кезегінде олар жақсы жұмыр кеңі, кездесетін кедергілерден арылу жайлы ой-пікірлерін парақшаларға жазып “Өмір ағашына” жасады. Жастар қауымы сонымен қатар, “Менің қазіргі өмірім”, “Менің болашақ өмірім, армандарым” тақырыптарына коллаж жасап, сурет салды.

БӘЙТЕРЕК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Балалар мен жасөспірімдер орталығында Қазақстан халқы Ассамблеясының 20-жылдығына арналған этно-мәдени іс-шара ұйымдастырылды.

Мәдени іс-шараға елімізді мекен еткен түрлі ұлт өкілдерінен үйірмелер арасындағы топтар қатысып, өз өнерлерін көрсетті.

Байқау барысында өз ұлтының салт — дәстүрін, өнерін, ұлттық тағамы мен мәдениетін жоғары деңгейде көрсете білген өзбек ұлты бас жүлдеге ие болды. Сондай-ақ ұйғыр ұлты бірінші орынды, татар ұлты екінші орынды иеленсе, қазақ және украин ұлттары жүлделі ІІІ орынды өзара бөлісті.

«Вокал» және «Ханшайым» би үйірмелері өз өнерлерін көрсетті.

ТҮЙМЕКЕНТ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Ауылдық әкімшілік пен ауылдағы “Жастар орталығының” мұрындық болуымен Социалистік Еңбек Ері А.Л.Нахмановичті еске алуға арналған жастар арасында волейболдан дәстүрлі турнир өткізілді.

Түймекент орта мектебінде өткен спорттық жарыстың ашылу салтанатында аудан әкімдігі дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ә.Омаров, Түймекент ауылдық округінің әкімі Б.Әлсейітов сөз сөйлеп, Еңбек Ері А.Л.Нахмановичтің өнегелі өмір жолын әңгімеледі. Спорттың адам денсаулығына пайдасын айттып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Нәтижесінде жүлделі І орынды “Ақбұлым” командасы жеңіп алса, ІІ, ІІІ орындарды Түймекент, Сарыкемер ауылдық округтерінің командалары өзара бөлісті. Жарыс соңында жеңімпаздарға Кубоктар мен Дипломдар табысталып, бағалы сыйлықтар тарту етілді.

ЫНТЫМАҚ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Жыл сайын кітапханашылар арасында дәстүрлі облыстық «Ең үздік ауылдық кітапхана» байқауы өтеді. Биыл аталған байқауға Ынтымақ ауылдық кітапханасы қатысты. Кітапханашы А.Татыбекова Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына орай «Қазақстан-достық пен татулық мекені» атты әдеби-сазды кеш өткізді.

Іс-шараны кітапханашы А. Татыбекова мен ұстаз Е.Баймамыров жүргізді. Мектеп оқушыларының күшімен берілген концерт барысында жиналған жұрт Н.Бексұттан, клуб меңгерушісі Қ.Жабаеваның тамылжыта шырқаған әндерін, қазақ, татар, өзбек және корей халықтарының билерін ерекше нәшіне келтіре орындаған «Ерке наз» бишілер тобының және күйші Мырзабаев Қазыбектің, Н.Айтбекқызы, Ү.Мағжан, Т.Еламан, Қ.Сыпатай, Ж.Иланова, Ә.Тұрысбек сынды жеткіншектердің өнерлерін зор ризашылықпен тамашалады. Кітапхана жұмысынан бағдар берерлік шағын сахналық көрініс те көрерменге жақсы әсер қалдырды.

EXPO 2017
Future Energy
Astana

«ЭКСПО-2017»-МЕН
ҮШІН ҮЛКЕН МҮМКІНДІК»
«ЭКСПО-2017»-МОИ НОВЫЕ
ВОЗМОЖНОСТИ»
«Шыңғысхан» желкозғалтқышының
өнертапқышы
АХМУХАНОВ АРМАН
изобретатель ветродвигателя «Чингизхан»

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Бесінші сайланған Байзақ аудандық мәслихаттың кезектен тыс XXXV сессиясы 2015 жылғы 25 қараша күні сағат 10.00-де мәжіліс залында мынадай күн тәртібімен өтеді:

1. Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының мөлшерлемелерін және бірінғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы.
2. «2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Байзақ аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы №36-3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Аудандық мәслихат аппараты.

БАСЫЛЫМ-2016

Құрметті оқырмандар!

«Ауыл жаңалығы»-ауданымыздың саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени өміріндегі жаңалықтарды, ана тілімізді, мәдениетіміз бен өнерімізді кеңінен насихаттайтын, туған жердің мәртебесін биіктеткен ел азаматтарының өнегелі істерін ұлықтайтын, тәуелсіз еліміздің, ауыл-аймағымыздың қол жеткен табыстары мен алған асуларынан жан-жақты мағлұмат беретін басылым. Басылымға 2016 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүргізіліп жатыр.

Газетке жазылу бағасы:

Жеке (тұлғалар) жазылушылар үшін: бір жылға – 2698 теңге 56 тиын; алты айға – 1349 теңге 28 тиын.

Мекеме, ұйымдар (заңды тұлғалар) үшін: бір жылға – 3098 теңге 52 тиын; алты айға – 1549 теңге 26 тиын.

Газеттің индексі: 65000

1 желтоқсан-Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні

КЕМЕЛ КЕЛЕШЕККЕ КЕМЕҢ ГЕР КӨШБАСЫМЕН

1 ЖЕЛТОҚСАН - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ КҮНІ. БҰЛ АТА-БАБАЛАР АНСАҒАН ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ МӨРТЕБЕСІН БЫҚТЕТКЕН, ТӨРТКҮЛ ӘЛЕМГЕ ЕЛІМІЗДІ ТАНЫТҚАН ЕЛБАСЫНЫҢ ЕҢБЕГІН ЕРЕКШЕ ҰЛЫҚТАЙТЫН КҮН.

«Түнде – ұйқы көрмедім, күндіз – күлкі көрмедім; қызыл қаным төгілді, қара терім сөгілді; күшімді сарқа жұмсадым, жауға да шаптым құрсанып – бәрі елім үшін! деп көне түркі қағанатының бас қолбасшысы, қаған абысы Тоныкөк айтқандай, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы әлсіз экономикалық жүйе, жетілмеген саяси реформалар жағдайында Елбасымыз ел дамуының тура жолын таңдай білді. 1991 жылы 1 желтоқсанда қазақстандықтар өздерінің Тұңғыш Президентін сайлап, сенім артты, ел тәуелсіздігін аманат етті. «Елдің қамын ойлайды, намысын жәбірмейді деп бір ауыздан сенім артқандарыңыз үшін шын жүректен алғысымды айтамын. Елім үшін, халқым үшін, Қазақстаным үшін тарихтың қай сынағына да тәуекел деп бас тізуге дайынмын. Бұл жолда ең алдымен дана халқыма, дарқан еліме, ата-бабамның әруағына сүйенемін, – деп тебірене сөйлеген Елбасымыз бүкіл қазақстандықтарды өзінің айналасына топтастыра алатын саясаткер және дара тұлға екендігін танытты. Елбасымыз халқының үмітін ақтап, дербес, егеменді Қазақстан мемлекетінің негізін қалады, іргелі мемлекет қылды.

«Біздің аталарымыз қазіргі Қазақстандай ұлан байтақ елді, өзіндік мәдениет және ерекше асқақ рух пен танымды қорғады және бізге мұра етіп қалдырды.

Менің кезімдегі ұрпаққа тәуелсіз Қазақстанды құруды алға қоя отырып, ел тағдырын сеніп



тапсырды. Бұл қиын әрі тарихи жасапты міндет болатын, біз оны орындадық» деп Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, бүгінде еліміз дамуының даңғыл жолына түсті. Тарихи жеріміздің шекарасы халықаралық шарттарға сай белгіленіп, мемлекеттік рәміздеріміз, Ата Заңымыз, ұлттық валютамыз және Президентіміз ғасырлар бойы арманда өткен бабаларымыздан қалған кең-байтақ жерге Қазақстан деген тәуелсіз мемлекетті құрып, дүниедегі мықты деген елдердің қатарына көтерді. Сарыарқаның төсінен ару Астана қаласы бой көтерді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев

елдің бірлігін, Конституцияның, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын қамтамасыз етіп қана қоймай, тәуелсіздіктің 24 жылында Қазақстан халқын бір атаның баласындай бір шаңырақ астында бауырластырып, олардың әрқайсысына туған тілін, дінін, мәдениетінің гүлденуі мен ұлт ретінде ұйыса дамуына еркіндік берді. Осылайша Елбасы тәуелсіз еліміздің мәртебесін биіктете отырып, қазіргі әлемдік дағдарыстың қиындықтарынан шығудың жолдарын көрсетті. Қиын кезеңде де халықтың әл-ауқатын жақсартуға, елімізде іргелі істердің жалғасын табуын басты назарда ұстауда.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы алып елге, Астана әлем төріне айналды. Қазақстан халқы Президентті «Елбасы» деп асқан құрметпен атайды. «Елбасы» ұғымы кемел адамның халықтың көкейіндегі асыл бейнесі. «Елімізді төрткүл дүниеде терезесі тең, еңселі жұртқа, абыройы асқан айыбды елге айналдыру – менің өмірлік те өріл мұратым» - деп алдына ұлы мақсат қойған Елбасымен мақтанады, оны құрмет тұтады, өмірге келген сәбилерін оның есімімен атайды.

Елбасымыздың бастамасымен 130-дан астам этнос өкілін біріктіретін Қазақстан халқы Ассамблеясын құру, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төраға болу, Ислам Ұнтымақтастығы Ұйымына басшылық ету - оның сындарлы саясатының жемісі деп білеміз. Жақында БҰҰ - нын биік мінберінен Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қазақ тілінде баяндама жасап, қазақ елінің беделін тағы бір биіктетіп, мәртебемізді асқатқанды.

1 желтоқсан-Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні. Бұл күн-жылнамамыздағы тарихи күн болып саналады. Елбасымыз: «Елінің ұлы болсаң, еліне жаның ашыса, адамзаттық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп, еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзін екенінді ұмытпа!», – деген еді. Ендеше, әрбір жас Елбасымыздың өмір жолы мен халқына сіңірген өлшеусіз еңбегінен үлгі алып, елімізде қолға алынып, атқарылып жатқан игілікті істерге үлес қосып, алдағы асқаралы міндеттерді бірге атқаруға бар күш-жігерлерімізді жұмсайық дегіміз келеді. Елбасымен мақтанайық, ұлықтайық, оны құрмет тұтайық!

Өз тілшіміз.

БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ – БАРШАҒА ОРТАҚ ІС

**А.Шотбасова,
«Ауыл жаңалығы».**

ЖҰМА КҮНІ АУДАН ӘКІМДІГІ ЖАНЫНДАҒЫ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ІСТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ ӨТТІ.

Байзақ ауданы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия мүшелері, құқық

арасында кездесетін келенсіз жәйттерді ауызға алды. Оның ішінде біздің аудандағы жайсыз отбасылар саны, бұл отбасылардағы жалпы мәдениет деңгейі, мұндай жаңұяларда өсіп келе жатқан жасөспірімдердің психологиялық жағдайы, қылмыстық іс-әрекеттер, балалардың құқығын қорғау жолында аудан прокуратурасы, аудан әкімдігінің білім бөлімі және мектеп ұстаздарымен бірлесе ұйымдастырылған алдын-алу шаралары туралы толық мәлімет беріп өтті.

Аудан әкімдігі білім бөлімі әдістемелік кабинетінің әдіскері Р.Сәбитбекова атананың бала өміріндегі рөлі, ұл-қыздарды тәрбиелеуде ұстанатын басты қағидалар, жастардың бойына ұлттық салт-дәстүрлерімізді сіңіру жайында әңгімелеп, соңғы кездері жиі орын алатын балалар еңбегін қанау, жыныстық зорлық фактілері туралы сөз етті. Ата-аналарға балаларды қауіп-қатерлерден қорғау қағидаларын түсіндірді. Жұртшылық назарына арнайы бейнеролик ұсынылды.

Отырыс барысында ата-аналар да бала тәрбиесі отбасынан бастау алып, өскен ортасында қалыптасатындығын тілге тиек етіп, балалардың жарқын болашағы үшін бірлесе іс істеудің маңыздылығын айтты.

Мұнан кейін комиссия отырысына арнайы қатысып отырған Жамбыл облысы әкімдігінің жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия



қорғау органдары, аудандық ішкі істер бөлімінің кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторлары, медицина қызметкерлері мен мектеп директорлары, әлеуметтік педагогтар, психологтар, ардагерлер кеңесінің мүшелері, жастар қауымы, ата-аналар комитеттерінің мүшелері қатысқан отырысты аудан әкімінің орынбасары С.Кенжебаев ашып,



жүргізіп отырды. Күн тәртібіндегі мәселемен таныстырды.

Басқосудың басты мәселесі «Кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу» бойынша аудан әкімдігі білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы Ш.Абдурасулов баяндама жасады.

Шары Нұрасылұлы білім беру мекемелеріндегі кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдердің жайсыз отбасылары, зорлық-зомбылықтан зардап шеккен және тұрмысы қолайсыз отбасыларын анықтау мақсатында атқарылған шаралармен таныстырып, бұл топтағы оқушылармен мектеп психологтары, жалпы ұстаздар тарапынан жүргізілген жұмыстарды атап өтті.

Келесі кезекте мінбеге көтерілген аудандық ішкі істер бөлімінің ювеналдық полиция топ жетекшісі, полиция майоры Қ.Асанбаев әрбір адам үшін отбасы басты байлығы екендігін айта келе, қазіргі таңда жанұялар

хатшысы Б.Жаксылықова сөзге шығып, жастар – кемел келешек бастауы екендігін, сондықтан олардың тәлім-тәрбиесіне әу-бастан көңіл бөлу қажеттігін, бұл ретте мектеп пен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас нығая түсуі басты талап дей келе, психологтарға жүктелер міндеттерге тоқталды. Бақыт Сауқынбекқызы жайсыз отбасылардағы балалардың тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырауының алдын алу жұмыстарын күшейту – күн тәртібінен түспеу керектігін де алға тартты.

Жиынды аудан әкімінің орынбасары С.Кенжебаев қорытты. Сағындық Жұмағұлұлы аталмыш комиссияда «Кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі 2015-2017 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспары» әзірленіп, жайсыз отбасыларды анықтау жөніндегі арнайы жұмысшы топтың құрамы жасақталғанын айтып, осы негізде тиісті органдарға тапсырмалар жүктелді.

100 нақты қадам басты міндет



**П.Сумхаева,
Байзақ ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы бөлім басшысының міндетін атқарушы.**

Байзақ ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында Қазақстан Республикасы Мемлекетінің басшысы Н.Назарбаевтың бес институттық реформасын жүзеге асыруға бағытталған 100 нақты қадамынан туындайтын міндеттер айқындалып, жұмыстар атқарылуда. Бұл қадамдарда жаһандық және ішкі сын-қатерлерге жауап және сонымен бір мезгілде, жаңа тарихи жағдайларда ұлттық дамыған мемлекеттердің

отыздығына кіру жөніндегі жоспары екендігі айтылды. Бізге алдағы уақытта осы құжатта белгіленген кеден және салық декларацияларын қабылдау және өңдеудің орталық желісін құру, жанама салық салу тетіктерін жетілдіру, кіріске және шығысқа салық есебін міндетті түрде енгізу арқылы қолданыстағы салық режимін оңтайландыру жұмыстарынан туындайтын міндеттерді жүзеге асыру шаралары тұр. Яғни мемлекеттік қызметшілерге өздеріне жүктелген функционалдық міндеттерін таза әрі сапалы орындау, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, Елбасының Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс Кодексі талаптарын бұлжытпай орындау болып

табылады. Сонымен қоса салық төлемгерлеріне сапалы әрі уақтылы мәдениетті қызмет көрсету басты талап. Атап айтқанда, қызмет алушылардың ұсынған құжаттарын қараудың ұзақтығын қысқарту, мемлекеттік қызмет көрсетуде қызмет алушының толық деңгейде ақпарат алуын қамтамасыз ету, кеңес беру жұмыстарын жандандыру, мемлекеттік қызмет көрсететін қызметкерлердің біліктілігін жетілдіру мақсатында семинарларға жіберу, кәсіби сабақтар өткізу қажеттілігі туындап отыр.

Сонымен қоса Мемлекеттік қызмет алушыларға мемлекеттік кірістер басқармасында сапалы қызмет көрсетуге қолайлы, ыңғайлы жағдайлар туғызғын, қуаттылығы жоғары заманауи компьютерлік техникаларды пайдалану арқылы қызмет көрсетудің оңтайлы жолдары қолға алынып келеді.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС МӘСЕЛЕСІНЕ АРНАЛДЫ

**М.Манекеев,
«Ауыл жаңалығы».**

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ КЕЗ-КЕЛГЕН ТҰЛҒАНЫҢ ҚОҒАМНЫҢ, ТІПТІ ТҰТАС МЕМЛЕКЕТТІҢ ӨРКЕНИЕТІНЕ БАЛТА ШАБАТЫН АУЫР ІНДЕТ. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ПЕН ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУДАҒЫ ЖҰМЫСТАРДЫ ЖАҒАЛАНДЫРУ, СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ СИПАТЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ КӨРІНІСТЕРДІҢ АЛДЫН - АЛУ БАҒЫТЫНДА ТИІСТІ ШАРАЛАР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП КЕЛЕДІ.

Соның бірі, жуырда ауданымыздың орталық ауруханасы мен туберкулезге қарсы диспансері

басты бағыттары бойынша түсініктеме берді.

Нұржан Қуандықов өз сөзінде: «Аурудың алдын алу үшін балаларымызға біз екпелер саламыз, шынықтырамыз, ас алдында қолды жуу керек екенін айтамыз. Бір сөзбен айтқанда, олардың үлкейгенде дендері сау болуы үшін жастайынан әрекет етеміз. Сол сияқты келер ұрпақ санасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитет жастайынан қалыптасуы керек. Мектеп паргасынан бастап оларға пара бермеу және алмау керектігін санасына құюмыз керек. Патриоттық тәрбиеге де көп көңіл бөлуіміз қажет. Мен сіздерді осыған шақырамын. Өйткені жастар тек біздің болашағымыз ғана емес, олар мемлекетіміздің болашағы»-деді. Сондай-ақ кездесу барысында денсаулық сақтау саласы мамандарына Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл



қызметкерлерімен ұйымдастырылған кездесу болатын.

Іс-шара барысында Т.Рыскулов аймағы бойынша мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл басқармасының консультанты Н.Қуандықов Қазақстан Республикасында “2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы” Стратегиясының

жөніндегі 2011-2015 жылдарға арналған салалық бағдарламасы, Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стратегиясы, Елбасының «Ұлт Жоспары – Бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» жобасын іске асыру бағытындағы атқарылып жатқан ауқымды шаралар жөнінде сөз етті.

НА ЗЛОБУ ДНЯ

БДИТЕЛЬНОСТЬ-ЗАЛОГ УСПЕХА

Р.Джакипбаева,
«Ауыл жаңалығы».

Как всегда в осенне-зимний период, перед началом массовой заготовки мяса на зиму, увеличивается число краж скота.

Об этом свидетельствуют цифры: за 10 месяцев текущего года в районе было совершено 494 преступления. Из них больше половины – кражи -260. А из общего числа краж более третьей части – это кражи скота - 94, которые особенно участились в эти дни.

С вопросом: КАКАЯ РАБОТА ВЕДЕТСЯ В ЭТОМ НАПРАВЛЕНИИ в районе, мы обратились к заместителю начальника по оперативной работе Байзакского РОВД, подполковнику полиции Е. Егембердиеву.

Скотокрадство существует во всем мире столько времени, сколько человечество занимается скотоводством. Наши предки испокон веков промышляли барымтой. И это считалось тяжким преступлением, которое жестоко наказывалось. И нынешнее время не исключение. Скотокрадство сегодня стало распространённым явлением, с низкой степенью раскрываемости. Не является исключением и наш район, где основная деятельность населения – сельское хозяйство, в котором животноводство занимает ведущее место. А для многих скотоводство – единственное средство к существованию. Поэтому проблема краж скота и его пропажа является сегодня для нас самой актуальной. И мы стараемся вести с барымтой бескомпромиссную борьбу. В частности, ежеквартально ведутся оперативно-профилактические мероприятия «Правопорядок», «Аркан», в осенне-зимний период - «Софым». Главной целью которых является выявление лиц, причастных к совершению краж скота, их задержание и привлечение к уголовной ответственности. Во время ОПМ на автодорогах, степных дорогах, в черте населённых пунктов наши наряды проверяют транспорт, предназначенный для перевозки скота. Выставляем посты в населённых пунктах района, постоянно совершаем рейды. Кроме того, проверке подлежат

непосредственно и сами скотные рынки. Проводим мероприятия по проверке документации на реализуемый в рынках домашний скот и мясную продукцию, и если у продавца не оказывается правоустанавливающих документов, то в отношении владельца применяется административное наказание.

Во всех этих мероприятиях участвуют участковые инспекторы совместно с уголовными розысками, также привлекаем сотрудников районной ветинспекции.

В настоящее время проходит оперативно-профилактическое мероприятие «Софым», поэтому работаем особенно напряжённо. Сегодня цена одной лошади колеблется от 400 до 500 тысяч тенге, естественно, интерес у скотокрадов в сезон понятен. Трудность раскрытия скотокрадства в том, что совершается оно в условиях неочевидности. Пропажу хозяева обычно обнаруживают через неделю после угона, когда и следов уже не сыскать. Люди в первую очередь принимают меры - то есть 2-3 дня ищут сами. После этого, спустя приблизительно недельный срок, обращаются в полицию. То есть фактор раскрытия преступления по «горячим следам» уже истощивает все свои возможности. К тому же выпас скота неорганизован, вдобавок небрежное отношение населения к своему имуществу: скотопомещения ветхие, ненадёжные, двери можно вышибить ногой, замки открыть гвоздём.

Исходя из анализа, скот пропадает там, где хозяева выгоняют его за пределы населённых пунктов и не осуществляют за ним надлежащий контроль, мотивируя это тем, что нет

денег на оплату пастуха, но при этом теряют больше, когда своей халатностью провоцируют преступников на лёгкую наживу.

Вычислить, куда сбывают украденную скотину тоже непросто – слишком много рядом мясных торговых точек. Часто



скот угоняют в соседние Таласский, Жамбылский, Рыскуловский районы.

Так как большинство краж происходит с вольного выпаса, когда скот отправляется пастись в степь без присмотра, около пяти лет назад полиция инициировала биркование. Но, несмотря на это, до сих пор имеется скот, не прошедший паспортизацию, что затрудняет опознание украденных животных.

В настоящий момент скотокрадство рассматривается так же, как и любая другая кража – то есть тайное хищение чужого имущества, согласно статье 175 УК РК «кража». Здесь то же наказание, та же доказательная база. Однако, если взглянуть на динамику преступлений, все эти меры не пугают ни воров, ни скупщиков краденого, и количество эпизодов краж растёт с каждым годом.

Кстати, резкий скачок статистической кривой в сторону увеличения случаев скотокрадства объясняется ещё тем, что в последние два года в органах изменились подходы к учёту злодеяний. Теперь в отчёты попадают даже такие

мелкие кражи, как, например, пропажа курицы. Раньше такие преступления не регистрировались в общей статистике. Отсюда немало заявлений о краже кур, гусей и т.д.

Скотокрадство – беда, с которой надо бороться системно, ведь это не просто воров и скупщики – это многочисленные преступные группировки сельского разлива, насчитывающие 2-3 человека, но они есть. Крадут скот и с частных дворов, и из неохраемых сараев. Часто в наш район заглядывают ОПГ с других соседних районов.

Хочу ещё раз подчеркнуть, что значительную часть этих преступлений можно было бы избежать, если бы владельцы животных сами заботились об их сохранности, содержали в надёжных скотопомещениях, под замком. В связи с этим, во избежание совершения преступлений, призываем владельцев скота обеспечить максимальный контроль за животными во время выпаса. В случае пропажи обращаться в органы внутренних дел незамедлительно. Ведь «по горячим следам» шансы на раскрытие преступления и поимку злоумышленников значительно возрастают.

Одним словом, сохранность скота в большей степени зависит от хозяина. В их распоряжении наши брошюры, буклеты, инструкции, мы даже установили билборд в районном центре.

А правила просты: выпас скота только под присмотром; выпас доверять лицам, имеющим постоянную прописку, пользующимся доверием у населения на договорной основе с обозначением материальной ответственности или же рассмотреть вопрос об организации коллективного охраняемого выпаса скота; при вольном выпасе надевать металлические путы с замками; бирковать скот; при пропаже незамедлительно сообщить участковому или в дежурную часть ОВД; принять меры по сохранению вещественных доказательств; составить подробное описание животного с индивидуальными приметами.

ЗАП ТАПАПТАРЫН
ОРЫНДАУ-
МІНДЕТІМІЗ

К.Дүйсенбеков,
ҚР АШМ АӨК МИК Байзақ аудандық аумақтық инспекциясының басшысы.

ҚР «Өсімдіктер карантині туралы» Заңының 7 және 13-баптарының талаптарына сәйкес, сырт жақтан әкелініп, сатылып жатқан карантинге жатқызылған экспорттық өнімнің фитосанитариялық сертификаты, мемлекет ішінде тасымалдауға арналған ауыл шаруашылық өнімдерінің карантиндік жай-күйін куәландыратын карантиндік сертификат құжаты болуы керек. Осыған орай, ауыл шаруашылық өнімдерін басқа облыстарға немесе шетелдерге әкетуге рұқсат құжаттарын беруде көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін түсіндіру бойынша, Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-V «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңы қабылданған. Байзақ ауданы аумағында өндірілетін, Жамбыл облысынан сырт жаққа әкетілетін ауыл шаруашылық өнімдеріне берілетін карантинді сертификаттар алу тәртібі туралы, рұқсат құжат алуға келген тұлғаларға аудандық аумақтық инспекция мамандары түсінік береді. Сондықтан аудандық аумақтық инспекциясына 2-19-31 жұмыс телефонына хабарласуға болады.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші шаруа қожалықтары өздері өндірген өнімдерін облыс орталығындағы базарларға сатуға шығару үшін, тұрғылықты ауылдық округі әкімшілігінен жер көлемі және өнімдерінің түрлері көрсетілген анықтама алуы керек.

Байзақ ауданы облыс орталығына жақын болғандықтан карантинді сертификатты, Жамбыл облыстық аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині бөлімінен алады. Байланыс телефоны 8(726 2) 43-77-73. Әрбір карантинді нысандарға карантинді сертификат құжаты болуын естен шығармаған жөн.

Елімізге әкелінетін және әкетілетін карантиндік маңызы бар барлық жүктер карантинді сараптамадан өтеді. Карантинді нысандардың бар екендігі мәлім болған жағдайда, ол жүктер дереу залалсыздандырылады немесе оларды жояды. Үкіметтің өсімдіктер карантині туралы Жарлығы және уәкілетті органдардың нұсқаулары барлық шаруашылықтар, жеке және заңды тұлғалар, ұйымдар, кәсіпорындар, мекемелер үшін міндетті болып саналады.

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ
МӘНГІЛІК ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

К. Маутаева,
аудан әкімдігі білім бөлімінің әдіскері.

Қазақ әдебиетінің бас ақыны Абай Құнанбаевтың өмірі сүйіспеншілік пен адамгершіліктің мәңгілік темірқазығы. Ұлы даланы дана ой, дара өнерімен оятқан, қазақты ерекше сүйіп, халықтың бақыты жолында арпалысқан тағдыр иесінің ғұмыры өнегеге толы. Тірлікті талай жыр сүлейі тамсана жырласа да, қазақ өлеңінің кәусар бұлағы - Абай поэзиясының алатын орны айрықша.

Ұлы ақынның 170 жылдығына орай өсіп келе жатқан жасөспірімдер бойында Абайдың шығармашылығына деген сүйіспеншілікті, өлеңге деген құрметті қалыптастыру мақсатында аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинеттің ұйымдастыруымен Қазақстанның 40 жылдығы атындағы орта мектебінде «Абай-заман тынысы, халық үні» тақырыбында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің арасында аудандық шығармашылық байқау өтті. Өнер сайысына ауданның он бес мектебінен қазақ әдебиеті пәнін терең меңгерген, теория мен тәжірибені ұштастыра отырып, инновациялық тұрғыда шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдер қатысты.

